

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстандықтар зейнетақы жинақтарын қандай мақсаттарға жұмсауда?

2021 жылдың 9 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалануға берген **421 567 өтініші** орындалды. Уәкілетті оператор – банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗК шамамен **1,8 трлн теңге** қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – **4,3 млн теңге**.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (16,9%), Маңғыстау облысының (14,2%), Нұр-Сұлтан қаласының (12,9%) тұрғындары тарапынан жолданған. www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат орналастырылған. Мұндай ақпарат өңірлер бөлінісінде де берілген ([«Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері»](#) және тиісінше [«Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері»](#) шағын бөлімдері).

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ болып табылады. Орындалған өтініштердің едәуір (**орындалған өтініштердің жалпы санының 95,2%**) бөлігі «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, одан әрі «Қазақстан Халық банкі» АҚ (**3,8%**), «Банк ЦентрКредит» АҚ (**1,0%**), «Altyn Bank» АҚ (**0,03%**) және «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ (**0,02%**) арқылы берілді.

9 қыркүйектегі жағдай бойынша бөлінген қаражат келесі субмақсаттар бойынша жұмсалған:

- азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді жеке меншікке сатып алу (толық есеп айырысу) жалпы сомасы 1,3 трлн теңгеге 216 465 өтініш орындалды.

- жеке тұрғын үй құрылысы (жер телімін сатып алуды қоса алғанда) 10,1 млрд теңге сомасына 3 576 өтініш орындалды.

- тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде) 61,6 млрд теңге сомасына 17 574 өтініш орындалды.

- ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде) жалпы сомасы 134,8 млрд теңгеге 60 931 өтінішті орындады.

- ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті толық өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде) 33,9 млрд теңге сомасына 8 761 өтініш орындалды.

- ипотекалық қарызды қайта қаржыландыру жалпы сомасы 555 млн теңгеге 246 өтініш орындалды.

- тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызын алу 125,2 млрд теңге сомасына 30 481 өтініш орындалды.

- тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара өтеу сомасы 84,5 млрд теңгеге 49 804 өтініш орындалды.

- тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті толық өтеу 34,2 млрд теңгеге 11 527 өтініш орындалды.

- тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыру 294 млн теңге сомасына 88 өтініш орындалды.

-

- тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша жеке тұрғын үй құрылысы (жер телімін сатып алуды қоса алғанда) 331 млн теңге сомасына 140 өтініш.

- 4,2 млрд теңге сомасына 2 646 өтінішті сатып алу құқығымен жалдау шарты бойынша берешекті ішінара өтеу.

- 2,0 млрд теңге сомаға 646 өтінішті сатып алу құқығын беретін жалдау шарты бойынша берешекті толық өтеу.

- 48,8 млрд теңге сомаға 18 682 өтініш анықталған жоқ.

Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) ашылған арнайы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды **олар келіп түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде** (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағына сәйкес) ұсынады. Уәкілетті операторға растаушы құжаттар белгіленген мерзімде берілмеген жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады.

Салымшы, сонымен қатар көрсетілген мерзімді күтпей-ақ, аударылған соманы «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы БЖЗҚ-ға қайтара алады, оны банк алушыдан қайтаруға өтініш алған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күні ішінде** орындауға міндетті.

Айта кетейік, уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша **231,3 млрд теңгеден** аса сома қайтарылды, себебі, қазақстандықтар біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде пайдаланбаған.

Сондай-ақ, БЖЗҚ емделуге берілген **35,6 млрд теңгеден** астам сомаға **38 406 өтінішті** орындады. Бұл ретте алуға болатын орташа сома шамамен **0,9 млн теңгені** құрайды. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) **5,5 млрд теңге** қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Емделуге арналған қаражаттың едәуір бөлігі стоматологиялық қызметтерге бағытталған – 33 320 өтініш немесе орындалған өтініштердің жалпы санының 86,8%. Бұдан кейін офтальмологиялық қызметтер – 2 618 өтініш немесе 6,8% және орфандық ауруларды емдеу 394 өтініш немесе 1,0%.

Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистикамен www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» – «Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінен танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).